

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ҒАЗЕТІ

№ 243 (9305) | 1953 жылғы 11 декабрь Жұма | Шығуына 34 жыл  
жеке саны 20 тыйым

## МТС-тер мен колхоздарды маман кадрлармен нығайта берейік

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы ауыл шаруашылығының бірсыпыра маңызды салаларының өркендеуі әлі де қанағаттанғысыз деп тауып, колхоздарда, совхоздарда шаруашылықтың артта қалған салаларын алдыңғы қатарлылар дәрежесіне жеткізуге, сойтіп, социалистік ауыл шаруашылығының барлық салаларының мықтап өркендеуін қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар аса маңызды шараларды жүзеге асыруты шұғыл міндет етіп алға қойды.

Белгіленген бұл шараларды жүзеге асыру үшін Пленум қаулысында атап көрсетілгеніндей, «қазіргі жағдайда, колхоздардың ірі, көп салалы шаруашылықтарға айналған, ал машина-трактор станциялары қазіргі заманның техникасын жабыдытаып, ауылшаруашылық өндірісінде шешуші күш болып отырған кезде, колхоздар мен МТС-терді шаруашылық шебер басшылық ете алатын және ауыл шаруашылығының алдында тұрған міндеттерді орындауын қамтамасыз ете алатын маман кадрлармен онан әрі нығайту міндетінің аса зор маңызы бар». Өйткені, колхоздарды, МТС-терді білімді және қабілетті агрономдармен, зоотехниктермен және басқа маман кадрлармен толық нығайтпайынша, ірі ауылшаруашылық өндірісін онан әрі дамыта беруге болмайды. Міне, сондықтан да партиямыз өнеркәсіпте, халық шаруашылығының басқа да салаларында жұмыс істеп келген инженер-техниктерді, агрономдарды, зоотехниктерді, комбайншыларды, тракторшыларды, ауыл шаруашылығының және басқа кадрларын ауыл шаруашылығында жұмыс істеуге шақырды.

Пленум қаулысы жарыққа шыққалы үш айдай уақыт өтті. Осы уақыттың ішінде облысымыздың өнеркәсіп орындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеп келген ауыл шаруашылығының жүздеген мамандары — агрономдар, зоотехниктер, инженерлер, тракторшылар тағы басқа механизматор кадрлары партияның шақыруына үн қосып, МТС-тер мен колхоздарда тікелей жұмыс істеуге барғылары келетінін білдірді. Олардың көпшілігі МТС-тер мен колхоздарда өз мамандықтары бойынша жұмысқа орналасып, қазір СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысы алға қойған міндеттерді орындау

керек. Мұндай фактілер қала кәсіпорындары мен мекемелерінде некенәсе емес.

Облыс МТС-тері мен колхоздарында әлі де көптеген агрономдар, зоотехниктер, механиктер жетіспейді. Осыған қарамастан ауыл шаруашылығының бірсыпыра кадрлары өз мамандықтары бойынша пайдаланылмай отыр. Мәселен, В. Чиркова жолдас ауыл шаруашылығы техникумын бітіріп, жерге орналастырушы мамандығын алған болатын. Ол осы уақытқа дейін «Галантейрейшк» артелінде есепші болып істейді. Сол сияқты, агроном Петрищев жолдас Ленин ауданының орталығы Явленка селосындағы мәдениет үйінде музыкант, ал, агроном Моложенко осы аудандағы Петровка селосындағы балалар үйінде тәрбиеші болып жұр. Ол — олма, Совет ауданында агроном Шаповалова, жоғары білімі бар зоотехник Золотилина жолдасар жұмысқа мүлдем пайдаланылмай бос жүр. Ал, аталған аудандардың МТС-тері мен колхоздарында агрономдар, зоотехниктер көп жеткіліксіз.

Колхоздар мен МТС-терге ауыл шаруашылығы кадрларын жіберудегі бұл сияқты кемшіліктердің орын алу себебі — ауыл шаруашылығының мамандарын іріктеліп алу, оларды мамандығы бойынша орналастыру ісімен көптеген аудандық партия комитеттері мен Совет атқару комитеттерінің мүлде жеткіліксіз шұғылданып отырғандықтарынан деуіміз керек.

Облыс МТС-теріндегі барлық тракторлар мен комбайндардың екі сменана жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін 615 тракторшы, 219 комбайншы жетпейді. Солай бола тұрса да, бір жағынан, кәсіп орындарында, халық шаруашылығының басқа да салаларында жұмыста жүрген бұрынғы тракторшылар мен комбайншылардың МТС-ке жіберілуі өте нашар ұйымдастырылып отырған болса, екіншіден, МТС-терде тракторшыларды, комбайншыларды, трактор бригадаларының бригадирлерін даярлау және қайта даярлау ісінде де елеулі кемшіліктерге жол беріліп келеді.

Бұл сияқты жағдайларға бұдан әрі төзуге болмайды. Жуықта болып өткен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің VII пленумы СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының МТС-тер мен колхоздарды ауыл шаруашылығының маман кадрларымен нығайту жөніндегі қау-

## Партияның шақыруымен

СОКП Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысына нақтылы іспен жауап беру үшін — Петропавл қаласының өнеркәсіп орындарынан ауыл шаруашылығының дағдыры шешілетін жерге — машина-трактор станцияларына, колхоздарға баруға тілек білдіруші мамандар көбеюле.

Солардың бірі Петропавл станциясының паровоздарды комплексті көтерме жөндеу цехінде бригадир болып қызмет істеп жүрген С. Комков жолдас. Ол ауыл шаруашылығында жұмыс істеуге тілек білдіруі бойынша Чалаев атындағы МТС-ке жолдама алған-ды. Қазір Комков жолдас осы МТС-те машина-трактор мастерскойының меңгерушісі болып жұмыс істейді.

Сол сияқты, Петропавл паровоз депосының аға инженері коммунист М. Хайновский жолдас Петропавл МТС-нің жөндеу мастерскойы меңгерушілігіне, жөндеуші-слесарь И. Степанов жолдас Семипола МТС-нің мастерскойына өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасты. Моторшы-слесарь И. Игнашков жолдас та МТС-ке жұмысқа барады.

— Мен 7 разрядты слесарьмын, — дейді Игнашков жолдас. — Ауыл шаруашылығының барлық салаларын бірдей жедел өркендету міндетін шешу жолындағы күресінде ауыл-селоға мамандар өте қажет. Өйткені, ауыл шаруашылығында тәжірибесі мол маман кадрлардың өсуі, техниканың өсуінен кейін қалып отыр. Бұл жағдайда ауыл шаруашылығында тікелей жұмыс істеуге баруды мен патриоттық ардақты борышым деп санаймын.

Бұл жалғыз Игнашков жолдасы ғана емес, сол сияқты, МТС-ке барып жұмыс істеуге тілек білдіруші барлық мамандардың шын сыры.

М. ӘЛИЕВ.

## Мамандар МТС, колхоздарға келуде

Еліміздің ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жөніндегі бүкілхалықтық құрметті іске өз үлестерін қосу үшін партияның шақыруымен Соколов ауданына ауылшаруашылық мамандары көптеп келуде. Олар шаруашылыққа тікелей араласып, Отанға неғұрлым көп пайда келтіруді мақсат етеді. Бұрын қалалардағы және аудан орталықтарындағы әртүрлі мекемелерде болған 20 адам осы ауданның МТС, колхоздарына жолдама алып өз маман-

СОКП Орталық Комитетінде, ССР Одағы Министрлер Советінде, ССРО Жоғарғы Советінің Президиумында

## Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы туралы

СОКП Орталық Комитеті, ССР Одағының Министрлер Советі және ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы 1954 жылғы январьда Украинаның Россиямен қайта қосылуына 300 жыл толуын аса көрнекті тарихи оқиға, украин мен орыс халықтарының және Совет Одағының барлық халықтарының зор ұлттық мерекесі ретінде кеңінен атап өтуге қаулы алды.

Бұл даңқты оқиға, делінген қаулыда, украин халқының шетелдік құлданушыларға қарсы — біртұтас Россия мемлекетінде орыс халқымен қайта қосылу жолындағы көп қасырларға созылған күресінің аяқталған кезеңі болды.

Ерте замандағы орыс халқының біртұтас тамырынан шыққан, түпкі тегінің біртұтастығы, бүкіл тарихи дамуының жақындығы және ортақтығы жағынан орыс халқымен байланысты болған украин халқы туысқан орыс халқымен бірігуге үнемі ұмтылып келді. Ұзақ уақыт бойы Украина шетелдік құлдықтың тепкісінде болып, түрік-татар хандарының көшпелі тобырларының агрессивтік шабуылдарынан және поляк шляхтасының езгісінен жан түршігерліктей күйзеліске, апатшылыққа ұшырады. Украин халқы қурып бету хауінде бола отырып, шетелдік құлданушылардың езгісіне қарсы үнемі күрес жүргізді.

1648—1654 жылдардағы азаттық соғысында украин халқы аса көрнекті мемлекет қайраткері және қолбасшы Богдан Хмельницкийдің басшылығымен Украинаны поляк шляхтасының езгісінен азат ету үшін, Украинаны Россиямен қайта қосу үшін қаһармандық күрес жүргізді. Богдан Хмельницкийдің тарихи еңбегі мынадай болып табылады: ол украин халқының орыс халқымен тығыз одақ жасауға ұмтылған талабын білдіріп және украин мемлекетінің қалыптасу процесін басқарып отырып, оның міндеттері мен перспективаларын дұрыс түсінді, украин халқын құтқару жолы оның ұлы орыс халқымен бірігуінде екенін көрді.

Украинаны шетелдік құлдықтан азат ету үшін күрескен және феодал-крепостниктердің әлеуметтік езгісіне қарсы шыққан езілген шаруалар азаттық соғысының басты және шешуші күші болды. Украин халқының поляк шляхтасына қарсы күресіне поляк феодалдарының тепкісінен жапа шеккен поляк шаруалары кең үн қосып, тілектестік білдіріп отырды. Орыс мемлекетінің және әсіресе, Россияның халық бұқарасының үнемі көмектесіп, қолдауы азаттық соғысында халық қозғалысының кең көлемде өрістеуіне және оның аса үздік табыстарға жетуіне әсерін тигізді.

Переяславль Радасының Украинаны Россиямен қайта қосу туралы 1654 жылғы 8(18) январьдағы қарары осы жалпыхалықтық күрестің аяқталғанын білдіріп, бостандық сүйгіш украин халқының қуатты жігерін білдіргендік, оның қасырлар бойғы талаптары мен үміттерінің бейнесі болды және оның өміріндегі бетбұрыс кезеңге ұласты. Украин халқы әрқашан да өзінің сенімді қорғаушысы және одақтасы деп білген қаны бір туысқан орыс халқымен өз тағдырын мәңгі байланыстырды, сөйтіп, өзін құтқарып, ұлт ретінде сақтап қалды.

Ол кезде Россияны патша мен помещиктер басқарып тұрғанына қарамастан, Украинаның Россиямен қайта қосылуының украин және орыс халықтарының саяси, экономикалық және мәдени жағынан онан әрі өркендеуі үшін орасан зор прогрестік маңызы болды, паризмнің, орыс және украин феодалдары мен буржуазиясының реакцияшыл саясатына қарамастан, екі ұлы славян халқының бірігуі Россия мен Украинаның халықтарын жақындастырды, олар барлық сыртқы жауларға қарсы, ортақ езушілерге қарсы, крепостниктер мен буржуазияға қарсы, паризм және капиталистік құлдыққа қарсы бірлескен күресте бірден-бір дұрыс жол таңдап алды.

Патшаның ұлттық-отарлық катап езгісінің реакцияшыл

саясатына қарамастан, орыс халқының таңдаулы ұлдары Украинаның ұлттық тәуелсіздік алу правосы бар деп танып, украин халқының алдыңғы қатарлы қайраткерлерімен бірге, Россияның халықтарын бір-біріне айдал салған масқаралық саясатқа қарсы күресті, бұл масқаралық саясатты орыс және украин помещиктері мен буржуазиясы және олардың ітартшылары — ұлы державаның шовинистер мен украин ұлтшылары жүргізіп келді.

Езушілерге қарсы және орыс пен украин жерлеріне қол сұққан шетелдік басқыншыларға қарсы бірлескен күрес негізінде туысқан екі ұлы халықтың мызғымас туысқандық достығы өркендеп, нығайды. Осы достықтың ұлы табыстары Украинаны Россиямен қайта қосудың тарихи маңызын бағалаудағы буржуазиялық-ұлтшылық бурмалаушылықтардың халыққа қарсы мәнін айқын және көз жеткізе әшкерелейді, украин, орыс халықтарының және Совет Одағының басқа халықтарының мызғымас одағын әлсіретіп, қыйратуға тырысқан буржуазияшыл ұлтшылардың барлық әрекеттерінің дәрменсіз екендігін мейлінше айқын көрсетеді.

Орыс, украин халықтарын және Россияның барлық басқа халықтарын онан әрі өркендету үшін дүние жүзіндегі ең революцияшыл Россия пролетариатының және оның жауынгерлік авангарды — Коммунистік партияның тарихи аренаға шығуының шешуші маңызы болды.

Россияның халықтары Коммунистік партияның басшылығымен Ұлы Октябрь социалистік революциясын жасап, капиталистік құлдықтың бұғауларынан құтылды, сөйтіп, халықтар үшін социализмге жол ашты. Украин халқы орыс халқының соңынан бірінші болып еріп, социализм жолына түсті, сайын келгенде, өзінің қасырлар бейғы арманын жүзеге асырып, өзінің ұлттық украин мемлекетін құрды, сөйтіп, өз тарихының жана, шын мәнісінде даңқты кезеңін бастады.

Орыс пен украин халықтарының туысқандық одағы мен достығы Ұлы Октябрь социалистік революциясында, ішкі контрреволюция мен шетелдік соғыс интервенциясына қарсы азамат соғысының от-жалынында, социалистік құрылыстың барысында, неміс-фашист басқыншыларына қарсы Ұлы Отан соғысының тарихи шайқастарында нығайып, шынықты.

Совет Одағының халықтары жеткен бүкіл дүниежүзілік тарихи жеңістердің негізінде, аeninдік-сталиндік ұлт саясатының жүзеге асырылуы арқасында украин халқы өзінің ұлт болып қайта көркеюін жүзеге асырып, украин жерінің бәрін Украинаның біртұтас Советтік Социалистік мемлекетіне қайта қосты.

Экономикалық және мәдени құрылыста орасан зор табыстарға жеткен орыс және украин халықтары қазір еліміздің барлық туысқан халықтарымен бірге, коммунистік партияның басшылығымен коммунизмге жету жолында сеніммен алға басып келеді.

Украин және орыс халықтарының, Совет Одағының барлық халықтарының мәңгі жасайтын мызғымас достығы, Совет Одағының басқа халықтары сияқты, украин халқының ұлттық тәуелсіздігі мен бостандығының, ұлттық мәдениетінің гүлденіп, украин халқының өсіп-көркеюінің кепілі болып табылады.

СОКП Орталық Комитеті, ССР Одағы Министрлер Советі және ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы өз қаулысында жергілікті партия және совет ұйымдарын аса көрнекті тарихи оқиғаны — Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығын зор ұлттық мереке ретінде кеңінен атап өтуге, Отанымыздың тарихындағы осы маңызды оқиғаға және Совет Одағы халықтарының достығын онан әрі нығайтуға арналған лекциялар, байдамалар және әңгімелер ұйымдастыруға міндеттеді.

Ауыл шаруашылығын мол өнімді машиналармен

жолындағы күреске белсене қатысуда.

Өнеркәсіп орындарында, мекемелер мен ұйымдарда жұмыс істеп келген ауыл шаруашылығы мамандарының колхоздар мен МТС-терге барып жұмыс істеуінің социалистік ауыл шаруашылығын өркендетуіне беру үшін қаншалықты маңызды бар екені мәлім. Алайда, облыстың партия, совет органдары ауыл шаруашылығының мамандарын іріктен алып, МТС-тер мен колхоздарға жіберу жұмысын өте баяу жүргізіп келеді. Петропавл қаласындағы кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеп жүрген ауыл шаруашылығы мамандарының үштен бір бөлігі де осы уақытқа дейін МТС-тер мен колхоздарға жіберілген жоқ. Бұрынғы 196 тракторшылардан небары 31 адам МТС-терге барған. Ал, 38 комбайншылардың тек бесеуі ғана өз мамандықтары бойынша колхоздарда жұмысқа орналасқан.

Сентябрь Пленумы өзінің қаулысында МТС-терде бұрын жұмыс істеген және машина-трактор станцияларына қайта баруға тілек білдірген тракторшылар мен басқа да механизматорларды тиісті кәсіпорындар, мекемелер жұмыстан тоқтаусыз босататын болсын деп атап көрсетті. Осыған қарамастан кейбір кәсіпорындарының, мекемелердің басшыларының ауыл шаруашылығында жұмыс істеуге тілек білдіруші мамандардың өтінішін қарауды кешіктіру, немесе, оларды босатудан бастарту фактілері жоқ емес. Мысалы, Петропавл нан комбинатында әртүрлі жұмыста жүрген бұрынғы тракторшы П. Бийші жолдас Ново-Георгиев МТС-не тракторшы болып баруға рұқсат сұрап, комбинат директоры Евраев жолдасқа сентябрь айынан бері төрт рет арыз берген. Ал, Евраев жолдас төрт ретте де оның өтінішін орындаудан бастартқан. Евраев жолдас бұл ісін ауыл шаруашылығы маманының заңды талабына, тіпті ауыл шаруашылығын ақсүйектерше қараушылық деп түсіну

қарап, бұл жөніндегі орын теуіп отырған кемшіліктердің бетін ашты. Сонымен бірге, пленум МТС-терді белгіленген штаттарға сәйкес, мамандармен толықтыруды 1954 жылғы 1 январьға дейін аяқтауды, мол тәжірибелі мамандарды алыстағы артта қалған МТС-терге жіберуге баса көңіл бөледі талап етті. Бұл талапты мұлтіксіз орындау — облыс партия, совет және ауылшаруашылық органдарының бүгін таңдағы ең басты міндеті.

Партия, совет және ауыл шаруашылығы органдары мамандарды іріктен алып, ауыл-селоға жіберумен ғана тынбай, сол мамандардың керекті тұрғын үйлермен, ағыммен және семьясы мен мүлкін жеткізуге транспортпен қамтамасыз етілуін қадағалап отырулары қажет.

Тракторшыларды, комбайншыларды, трактор бригадаларының бригадирлерін даярлау және қайта даярлау жұмысын жолға қойып, олардың оқу сапасын жақсарту керек. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы ауыл шаруашылығы мамандарының семинарларын жиі өткізіп, оларда мамандардың пікір алысуын және кейбір маңызды мәселелерді талқылауын қамтамасыз етіп отырулары керек.

МТС-тер мен колхоздарды маман кадрлармен нығайту, кадрларды тәрбиелеу жұмысын жақсарту, сөйтіп, ауыл шаруашылығына басшылық етудің дәрежесін көтеру арқылы ауыл шаруашылығының барлық салаларын бірдей жедел өркендету беру — облыс партия, совет және ауыл шаруашылық органдарының айбынды міндеті. Бұл іс кәзірде мал қыстату, келеңсіз жылдың көктемгі егісіне үлгілі әзірлену, тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеу жұмыстарымен ұштастырыла жүргізілуі тиіс. Ауыл шаруашылығы мамандарының білімі мен іскерлік қабілетін күнделікті шаруашылық жұмыстарға толық пайдалануға бағыттап отыру керек.

### А. Я. Вышинский жолдасты Ленин орденімен наградтау туралы

#### ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

ССРО Сыртқы Істер Министрінің бірінші орынбасары А. Я. Вышинский жолдастың туғанына жетпіс жыл толуына байланысты және оның Совет мемлекеті алдындағы аса көрнекті еңбегі ескеріліп, Андрей Януарьевич **Вышинский** жолдас Ленин орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **К. ВОРОШИЛОВ.**

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Н. ПЕГОВ.**

Москва, Кремль  
9 декабрь, 1953 жыл.

### Х. Б. Байғалиев жолдасты Қазақ ССР Сыртқы Істер Министрі етіп тағайындау туралы

#### ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

Хайырғали Байғалиұлы **Байғалиев** жолдас Қазақ ССР Сыртқы Істер Министрі болып тағайындалсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Председателінің Орынбасары

**Ш. ЕРМАҒАМБЕТОВА.**

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Ә. ӘМРИЕВ.**

Алматы қаласы  
8 декабрь, 1953 жыл.

лықтары бойынша жұмысқа орналасты. Олардың арасында агрономдар Архипова, Михеева, зоотехниктер Пермина, Королев жолдастар бар.

Челябинск қаласының жұмысшысы Бесин жолдас «Красный агроном» колхозының председателдігіне сайланды. Ал, Петропавл қаласынан келген Блашков жолдас Молотов атындағы колхоз председателінің орынбасары болып қызметке орналасты.

**А. ПОПКОВ.**

**Сколов ауданы.**

### Мал өсірушілердің оқуы

Чистов совхозындағы (Булаев ауданы) үшінжылдық зоотехникалық курсте жүзден астам мал өсірушілер оқиды. Олардың арасында өндірістік тапсырмаларын асыра орындап жүрген сауыншылар, төл күтушілер, малды бағып күтудің шеберлері бар.

Колхоз басқармасы малшылардың зоотехникалық білімдерін арттыруына толық жағдай жасаған. Сабақ идеялық жоғары сапада өткізіледі.

Курсте үшінші жыл оқытындарға аға зоотехник Э. Тонгиев жолдас сабақ береді. Ол әрбір өткізілетін сабаққа сапалы әзірленіп, материалдары тыңдаушылардың естерінде қалдыруға жете назар аударады. Тонгиев жолдас теориялық мәселелерді практикамен тығыз байланыстыру мақсатымен тыңдаушыларды фермаларға апараты, ондағы жұмыстардың нақты жағдайымен таныстырады.

**Т. ЗАХАРОВ.**

### Қар тоқтату қызу жүргізілуде

Шағлы астық совхозы № 3 бөлімшесінің коллективі егіс алаңына қар тоқтату жұмысын кезінде қолға алып, оны ұйымшылдықпен жүргізіп келеді. Кәзір мұнда 600 гектар жерге қар тоқтататын бөгеттер жасалды. Бұл жұмыс тракторға тіркеп жүргізетін үшбұрышты қар жыртқыштар арқылы орындалды. Қар тоқтатуда Р. Вильдес жолдас «С—80» қуатты тракторымен күн сайын 80 гектар жердің қарын жырттып, бұл жөніндегі тапсырмасын үнемі асыра орындап жүр.

Сол сияқты, Қыялы астық совхозының № 1 және № 3 бөлімшелерінің коллективтері де егістік алаңға қар тоқтатуды қызу қарқынмен жүргізуде.

**Ә. МҰХАМЕТОВ.**

### Тұқым әзір

Соколов ауданындағы «Путь коммунизма» колхозының мүшелері дөңді дақылдар егісі үшін керекті тұқым қорын жеткілікті мөлшерде құйып алған болатын. Олар тұқымды тазартып, себу сапасына жеткізу ісін кезінде қолға алды. Бұл жұмысқа астық тазартқыш машиналардың қуаты өнімді пайдаланыла отырып, дөңді дақылдар егісінің тұқымы аз уақыт ішінде тазартылып аяқталды.

Тұқым тазартуда жұмыс істеген Савина, Веприщева жолдастар күн сайын нормаларын біржарым есе артық орындап отырды.

**К. ДОСЫМЖАНОВ.**

## Қаруландырайық

☆

**П. КУВЫШКИН,**

«Гомсельмаш» заводының бас инженері

☆

рындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыруға арналған мол өнімді жаңа машиналар жасау жолында ойдағыдай еңбек етуде. Соңғы үш жылдың ішінде ғана олар ауылшаруашылық машиналарының 20-дан астам жаңа түрлерін жасап шығарды.

Жақында сыйырды тура жайылым пункттерінің өзінде саууға арналған көшпелі сауу қондырғысын мемлекеттік сынау жұмысы өткізілді және машина жасау заводтарында сериалан өндіруге қабылданды. Сағатына 1000 литр сүт сауатын бұл қондырғы бірден он сыйырды сауа алады. Бұл құрал двигательмен, вакуумнасоспен және басқа аппаратуралармен жабдықталған, оның суды жылытатын бағи және сүтті сақтайтын тоназытқыш бар. Оны екі жұмысшы қамтыйды, ол өт қолайлы және оны пайдалану қиын емес.

Көңтиегіш, көншанқыш, органикалы және минералды тыңайтқыштарды шашқыш заводта конструкцияланған тағы бір сыпыра басқа машиналар сияқты ең жаңа машиналар колхоз өндірісінде кең қолданылады. Универсалды трактор көншанқыш завод сынынан ойдағыдай өтті. Шынжы, табан трактормен бір агрегатқа бірлестірілген бұл машина бір сағаттың ішіндегің даласына 60 тоннадай әртүрлі тыңайтқыш — шымтезек, көң, қорға және басқаларын шашады. Машина тыңайтқышты 15 түрлі мөлшерде шашуға мүмкіндік беретін автомат реттеуші құралмен және тоқтатқыш аспаппен жабдықталған.

Конструкцияланған аспа трактор жүк тиегіш тыңайтқыштарды тиеуде және егін даласына тасымалдауда еңбек өнімділігін едәуір арттырады. Жүк тиегіш 90 килограмма дейін жүк көтеретін шөміш пен немесе айырма жабдықталған. Оны автомашиналарға және арбаларға тыңайтқыштар, тамыр-жемістер, сусымал материалдар мен құрылыс материалдары тиеуге пайдалануға болады.

БССР Ғылым академиясының жанындағы Ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру институтымен бірге «Гомсельмаш» заводының конструкторлары көзір бес жеке машинаның жұмысын бір өзі атқаратын, жемшөп әзірлейтін жаңа комбайнды өндіріске енгізуде. Жаңа комбайн ыңғайлы, қамту жағынан жеңіл және оңай мал фермаларында жемшөп әзірлеу жөніндегі жұмыстардың бәрін комплексті механикаландырады.

Кәзіргі уақытта бізде тағыда жаңа екі машина: жемшөпті араластырғыш-мөлшерлегіш және тыңайтқыштарды араластырғыш-тиегіш машиналар жасалып болуға таяу. Араластырғыш-тиегіштің жобада белгіленген өнімділігі сағатына 70 тонна тыңайтқыш, ал араластырғыш-мөлшерлегіштің өнімділігі — сағатына 2 тоннаға дейін.

Быйылғы жылдың 9 айының ішінде завод жалпы өнім мен товарлы өнім шыға-

ру жөніндегі мемлекеттік жоспарды артығымен орындады. Сентябрьдің ішінде ғана жоспардан тыс 110 универсалды күделуші, 210 трактор аспа сүйреткісі және 15 дөңкентіргіш жасап шығарды. Жылдың басынан бері жоспардан тыс бірнеше миллион сомның өнімі шығарылды.

Заводтың коллективі өнім шығаруды арттыруға ұмтылып қана қоймай, машиналардың сапасын жақсартуға және өзіндік құнын азандатуға өрдайым қамқорлық істеуде. Заводтың жұмысшыларының, инженер-техник қызметкерлерінің және ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің арасындағы үздіксіз творчестволық достық ояла иске көмек көрсетуде. Конструкторлар, инженерлер мен техниктер жаңа машиналардың жұмыс істеп жүрген егіс дала сына жиі-жиі барып тұрады. Механикаторлар көбінесе жеке машиналар мен торлардың конструкциялары онының көптеген жағалы бөкестер анып, маңызды ескертүүлер жасайды. Мысалы, һалиның оозының атақты механикаторы ГФССР жоғарғы Советінің депутаты Іағұрын жолдасдың ұсынысы бойынша заводтың конструкторлары шашақ әзірлетін «А—25» машинасына елеулі өзгерістер енгізді, оның нәтижесінде машинаның салмағы 100 килограмнан аса кемді және оны пайдалану сапасы едәуір жақсарды. Завод қызметкерлері мен социалистік егін даласы еңбекшілерінің арасындағы осындай антымақтылықтың арқасында басқа да сериялы машиналардың конструкциялары үздіксіз жетілдіріліп, пайдалану көрсеткіштері жақсартылауда.

Заводта рационализация мен өнертапқыштық барған сайын кең етек алууда.

Быйылғы жылдың басынан бері ғана заводта 100-ден астам рационализаторлық ұсыныстар мен жаңалықтар өндіріске енгізілді, бұл ұсыныстар мен жаңалықтар ауылшаруашылық машиналарының конструкцияларын жақсартуға және оял машиналарды көп шығаруға мүмкіндік берді. 10 айдың ішінде рационализациядан үнеміделген мемлекеттік қаражат 300 мың сомға жетті.

1954 жылы біздің коллективтің алдында жауапты міндеттер тұр. Ауылшаруашылық машиналарын жасап шығару жөніндегі өндірістік программа 1953 жылғымен салыстырғанда екі есеге жуық ұлғайтылады. Біз ауыл шаруашылығына 20 мың күделуші, сондай мөлшерде сүйреткі және толып жатқан басқа ауылшаруашылық машиналарын беруіміз керек. Конструкторлар қысқа мерзімнің ішінде егіншілік пен мал шаруашылығында жұмыстарды механикаландыруға арналған ісі берік және мол өнімді машиналардың жаңа түрлерін, мысалы, жемшөп әзірлегіш агрегатты, сүрленген азықты нығыздатқыш және сүрленген азық тиегіш, кең алымды сүрлеу комбайнын және басқаларын жасап шығаруға тиіс.

Күмән жоқ, «Гомсельмаш» заводының коллективі өзінің алдына қойылған міндеттерді аброймен орындайды, елдің ауыл шаруашылығына мол өнімді машиналарды бұрынғыдан анағұрлым көп береді.

# Қазақстан мал шаруашылығының артта қалуын жоюға тиіс

АЛМАТЫ. 7. («Правданың» тілшісі). Мұнда машина-трактор және машина-малшаруашылық станциялары директорларының республикалық кеңесі болып өтті. Кеңеске ауыл шаруашылығының озаттары, колхоз председателдері, мамандар, партия, совет және ауылшаруашылық органдарының басшылары, сол сияқты, Москва мен Бурган облыстарынан, Украина мен Алтайдан келген қонақтар қатынасты.

Кеңеске қатынасшылар Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрі Кәрібжанов жолдастың «СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қарарлары негізінде республиканың ауыл шаруашылығын оған әрі еркендетуде МТС-тер мен ММШС-тердің міндеттері туралы» баяндамасын талқылады.

Кеңеске еліміздің басқа аудандары ауыл шаруашылығы озаттарының қатынасуы пайдалы роль атқарды. Қазақстанның МТС басшылары мен мал өсірушілері Украинаның, Москва облысының, Алтай өлкесінің егін шаруашылығы мен мал шаруашылығы шеберлерінің сөзін зор ынтамен тыңдап, олардың тәжірибелеріне баса назар аударды. Қазақстан колхоздарының жұмысын басқа аудандардың колхоздарымен салыстыру Қазақстанның мал шаруашылығын еркендету үшін зор резерві бар екендігін, бірақ, оның әлі пайдаланылмай отырғанын көруге мүмкіндік берді.

Партия мен үкметтің күнбе-күнгі қамқорлығы арқасында республиканың МТС-тері мен ММШС-тері ең жаңа техникамен үздіксіз жабдықталуда. Бұл СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қарарларын жүзеге асыру жолында нәрменді зор күрес жүргізіп, ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын, қорғамдық мал басын өсіріп, оның өнімділігін молайтуды шұғыл арттыруға мүмкіншілік береді. Бірақ, сөз сөйлеушілер атап өрсеткендей, бұл үшін техниканы мейлінше өнімді пайдалану, машина-трактор паркінің жұмыс өнімділігін екі-үш есе арттыру керек.

Кеңеске қатынасшылар республика партия, совет және ауылшаруашылық органдарының МТС-тер мен ММШС-тердің жұмысын ойдағыдай жақсартуға әлі де жетіспегенін, ал, бұл республиканың ауыл шаруашылығының және ең алдымен мал шаруашылығының жайына керісінше әсер етіп отырғандығын дұрыс атап көрсетті. Бірқатар аудандарда ірі қара мал, қой мен ешкі басы өспей, қайта кемін отыр.

Малдың өнімділігі төмен. Мәселен, сүт сауу мен жүн қырку өткен жылы 1940 жылдан төмен болған. Бұл жемшөп қорының мал басының өсуінен артта қалуының салдарынан болып отыр. Ауыл шаруашылығы министрлігі және оның жергілікті органдары, сол сияқты, көптеген МТС және ММШС директорлары, көптеген колхоздардың басқармалары шабындықтардың сапасын жақсартып, олардың өнімділігін арттыруға зор еңбек сіңіргенін атап өтті.

## МТС пен ММШС директорларының республикалық кеңесі

тон пен овощ өндіруде, сол сияқты, мал фермаларында еңбекті көп керек ететін жұмыстарды жеткіліксіз механикаландырып келеміз.

— Бізде, — деді Адаменко жолдас, — мал шаруашылығы артта қалған учасіток болып табылады. Төздейтін малдан төл әлі аз алынып келеді. Сыйырлардан сүт аз сауылады, қойлардан жүн аз қырылады. Малдың көп өлім-жітіміне жол беріліп жүр. Мұның себебі не? Мұның себебі біздің МТС-тің колхоздарында жемшөптің берік қоры жасалмағандығынан болып отыр. МТС сүрленетін жемшөптік дақылдарды өсіру, шөп егу мәселелерімен жеткіліксіз шұғылданады. МТС-терге жүктелген міндеттерді орындау үшін оларды күрделі шаруашылыққа басындық етуге икемі бар механизатор кадрларымен нығайтудың өте-өте маңызы бар.

Көптеген шешендердің сөздері МТС-тер мен ММШС-тердің жұмысын жақсартуға, техниканы дұрыс пайдалануға арналды. Ақмола облысындағы Калинин атындағы МТС-тің директоры Трофимов жолдас мал шаруашылығы үшін жемшөп қорын жасау жөніндегі тәжірибені ортаға салды. Өзінің сөзінде ол Калинин атындағы МТС коллективінің шабындықтар мен жайылымдықтарды көлетіп суаруды ұйымдастыру жөнінде, мал фермаларындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру жөнінде көп жұмыстар істегендігін айтты.

Кеңеске қатынасшылар Алтай өлкесіндегі Степной МТС-нің директоры Мошков жолдастың әңгімесін зер сала тыңдады.

— Менің, — деді Мошков жолдас, — Павлодар облысымен шекаралас Құланды даласында орналасқан Степной МТС-нің жұмыс тәжірибесі жөнінде айтықм келеді. Біз павлодарлықтармен бірдей жағдайда жұмыс істейміз. Соңғы 5—6 жыл ішінде біздің МТС-те машина-трактор паркінің жұмыс өнімділігі жылдан жылға арта түсеуде. Станция соңғы жылдары өзінің колхоздар алдындағы міндеттемелерін белгіленген шартты мерзімде орындап ғана қоймай, едәуір артығымен орындап жүр. Біз тұрақты кадрлар даярлап алуға жетістік. Олардың мамандығын арттыру үшін көп жұмыстар істеудеміз.

Москва облысының Луховицкий ауданындағы Сталин атындағы колхоздың председателі Генералов жолдас өзінің сөзінде былай деп мәлімдеді:

— Озат тәжірибені тарату — СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы алға қойған міндеттерді ойдағыдай орындаудың аса маңызды шарттарының бірі болып табылады. Қазақстанға келгеннен бері біз екі колхозда — «Луч Востока» және Мичурин атындағы колхоздарда ба-

уашылық насихаты басқармасының бастығы Мастерова жолдас өзінің сөзінде картопты шаршы-ұялап егу, дәмді, овощ және жемшөп дақылдарының шығымдылығын арттыру әдістерін тарату тәжірибелері жөнінде айтты. Ол Москва түбіндегі колхоздардың жүгері егуді кенінен қолдану жолымен мал шаруашылығы үшін жемшөп базасын қалай жасап отырғандығы жөнінде баяндады.

— Қазақстанның колхоздарында малдың өнімділігін арттыруға кедергі келтіріп отырған не? — деген сұрақ қойды Мастерова жолдас. — Біздіңше, мұндағы ең бір қиын нәрсе — жемшөп базасы.

Малдың өнімділігін арттыру көп жағдайда мал шаруашылығының құнарлы жемшөппен қамтамасыз етілуіне байланысты. Сондықтан жемшөп сұрауға айырықша көңіл бөлу керек болады. Сүрленетін дақылдардың ішіндегі анағұрлым тиімдісі жүгері, сол сияқты, күнбағыс.

Мысалы, колхоздар үшін сүрге арнап 100 гектар жүгері егу қандай пайда келтірер еді? Жүгері дақылы жақсы бапталып күтілсе, одан әрбір малға 5 тоннадан есентегенде 1000 бас сыйыр малына жететін сүр дайындауға керекті көк шөп жыйнауға болады.

Алматы ауданындағы Мичурин атындағы колхоздың председателі Манько жолдас қонақтардың сын пікірлерін алғыспен қабылдайтындығын және колхозшылармен бірлесе отырып, көрсетілген кемшіліктерді түзеу үшін барлық шараларды қолданатындығын мәлімдеді.

Манько жолдас Мичурин атындағы колхоздың ірі қара малды алыс жайылымдарда бағу сияқты қарапайым әдістен арылып, жемшөптің берік базасын жасауға шыңдан кіріскендігін айтты. Колхоз жемшөптің жеткілікті запасын жасап, сауылатын малдарды қолда бағуға көшті.

Талдықорған облысындағы Сталин атындағы колхоздың председателі Алдабергенов жолдастың сөзі әсерлі болды.

— Біз, — деді ол, — осы кеңесте Москва облысының Луховицкий ауданындағы Сталин атындағы колхоздың председателі, Социалистік Еңбек Ері Генералов жолдастың өз колхозының жетістіктерін баяндаған сөзін тыңдадық. Бұл колхоздың мал шаруашылығының өнімділігі мен овощ өндіру жөніндегі көрсеткіштері жоғары. Одан көпті үйренуге болады. Мен телефон арқылы өз колхозымыздың басқарма мүшелерімен және колхозшылармен кеңестім. Біз Москва облысының Сталин атындағы колхозын социалистік жарысқа шақыруға, онымен тығыз байланыс жасап, жұмыс тәжірибесін ауыстырып отыруға ұйғардық.

Кеңестің жұмысында мал қыстатуды өткізу мәселелері бәрінен де көп орын алды. Сөз сөйлегендер машина-трактор және машина-малшаруашылық станцияларының жұмысты қанағаттанғысыз істеуі салдарынан республика колхоздары мал шаруашылығын жемшөппен қажетті



Петропавлдың механикалық техникумында оқушылардың тәжірибе сабақтарын ойдағыдай өткізуге толық жағдай жасалған. Техникумда түрлі аспаптармен жақсы жабдықталған лабораториялар бар.

СУРЕТТЕ: 1 курстың оқу озаттары Б. Тимошенко мен Н. Киктеваның химия лабораториясында тәжірибе жұмыстарын жүргізіп отырған кезі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

## СПОРТ

### Қысқы маусымның алғашқы күндері

Қала спортшылары Конституция Күнін қысқы спорт маусымын ашумен атап өтті. Бұл күнгі спорт жарыстарына құрамында 800-ге жуық таңдаулы спортшылары бар қаладағы төменгі физкультура коллективтерінен 144 команда қатысты.

«Динамо» стадионының мұз айдынына еркектердің, әйелдердің, жас өспірімдер мен қыздардың 30 конькишілер командасы шықты. Жарыста Трошин жолдас жақсы көрсеткішке ие болды. Ол 500 метр жерді 50, 08 секундта жүріп өтті. Әйелдер командасынан 500 метр жерден Мендібаева жолдас 58, 5 секундта келді. 3000 метрлік жарыста Нохрин жолдас («Энергия») бірінші орын алды.

Коньки жарысы бойынша жалпы командалық бірінші орынға еркектер ішінен «Динамо» ерікті спорт қоғамының конькишілері бірінші орынға, «Энергия» конькишілері екінші орынға ие болды. Қыздар және жас өспірімдер командалары ішінен «Динамо» мен «Авангард» конькишілері бірінші орынды өзара бөлісіп алды.

«Локомотив» стадионында Совет Одағы Конституциясы күніне арналған қала хоккейшілерінің турнир жарысы өткізілді. Жарысқа «Энергия», «Локомотив», «Пищевик», «Динамо» және «Авангард» командалары қатысты.

Сағат 12-де стадионның мұз айдынына энергиялықтар мен алаң иелері шықты. Ойынның барысы баяу басталса да, кейіннен екі жақ бірдей алма кезек шабуыл жасасты.

Ойын 1:1 есебімен тепе-тең аяқталса да, бұған дейінгі өткізілген эстафетада «Энергия» командасы жеңіске ие болды.

Бұдан кейін «Пищевик» және «Динамо» командасы шықты. Ойын басталысымен ақ пицевиктердің басым ойнайтындығы байқалды. Олар аз уақыт

«Пестрое» көлі жанында 109 эстафеталық команда бірінші орынға ие болу үшін жарысты. Эстафетада еркектер командасы ішінен бірінші орынды механикалық техникумның, екінші орынды «Динамоның» шаңғышылары жеңіп алды. Жас өспірімдерден № 44 орта мектептің командасы озып шықты.

5 километрлік жарыста механикалық техникумның спортшысы Руднев, әйелдерден оқытушылар институтының шаңғышысы Волкова жолдастар зор жеңіске ие болды.

Жалпы командалық бірінші орынды еркектер және әйелдер ішінен мұғалімдер институтының командасы жеңіп алды.

«Энергия» стадионында жас жігіттер мен қыздар эстафеталық жауу жарыста өздерінің спортпен шұғылдануға деген құштарлығын көрсетті.

Шаңғы эстафеталарында және коньки жарыстарында жеңіп шыққан командаларға қалалық денсаулық сақтау бөлімі физкультура және спорт секторының ескерткіш вьмпелдері берілді.

ішінде 2:0 есебімен жеңіске ие болды. Жартылай финалға шыққан «Авангард» және «Энергия» командалары арасындағы ойын 2:2 есебімен бітсе де, эстафетада бірінші орын алғандықтан энергиялықтар финалға шықты.

Сондықтан финалда «Пищевик» пен «Энергия» командалары кездесті. Ойын басталысымен энергиялықтар шабуылды үдете түсті. Соның нәтижесінде ойынның бірінші жартысында «Энергия» командасы қарсы жақтың қақпасына бір доп енгізді. Бұл оларды жеңіске жеткізді.

Сөйтіп, энергиялықтар өткізілген 5 ойынның үшеуінде жеңіске ие болып, хоккейшілердің жарысында бірінші орынға ие болды.

### Батысгерманиялық «Ди Прогнозе» бюллетенінің ашықтан-ашық мойындауы

БЕРЛИН, 9 декабрь. (СОТА). Штутгартте шығатын «Ди Прогнозе» экономикалық бюллетені батыс мемлекеттердің договорларды ратификациялауы нәтижесінде Бонн «Федеральдық республикасына» «тең праволылық» мүмкіншілігі қамтамасыз етіледі-міс деген Бонның ресми насихатын өшкере-лейтін мақала жариялады.

«Тең праволылық біздер үшін өзір қыял болып қалады», — делінген бұл мақалада және бұл пікірді анықтау үшін Батыс мемлекеттердің Батыс Германияға көзқарастарын көрсететін бірнеше фактілер келтірілген.

Батыстың оккупациялық өкімет орындарының Бонн тобымен келісіп, Батыс Германияда жүргізіп отырған сорысқа дайындықтарын айта келіп, журнал былай деп жазады: «... біз бес жыл бойы бірнеше рет айтып келе жатқандай, Шығыстан шабуыл болу қаупі туралы айтпай-ақ қойған дұрыс болған болар еді, өйткені, бұл пындық емес. Нақ осы сияқты, батыс одақтастарды Германияның «достары», ал, Шығыстағы мемлекеттерді оның «жаулары» деп қарау да ақылсыздық болып табылады.

... Біз, немістер, өзіміздің көзіріп жатқандаймызда егер олар мүдделі болса барлық көршілерімізбен жақсы қарым-қатынаста болсақ өте дұрыс болған болар еді».

### ҮШ БАТЫС МЕМЛЕКЕТТІҢ БЕРМУД АРАЛДАРЫНДАҒЫ КЕҢЕСІНЕН КЕЙІН

ВАШИНГТОН, 8 декабрь. (СОТА). Баспасөз хабарлары батыс мемлекеттердің Бермуд аралдарында болған кеңесінің алауыздық және өзара нінә қойысу жағдайында өткендігін көрсетеді.

Скрипсговард газет тресінің тілшісі Шэкфорд Бермуд аралдарынан былай деп хабарлайды: «Бермуд кеңесінде мемлекеттік қайраткерлердің бірде-бірі өздерінің ойлағандарын орындай алған жоқ... Француздар өз ойлағандарын өзгелерден гөрі кем орындап қайтты... Өте құпия жағдайда өткен кеңес туралы сыртқа шыққан хабарлар кеңеске қатысушылардың барлығының да түңілгендерін көрсетеді. Американдықтар Черчилльден, ағылшындар Эйзенхауэрден түңілді. Ал, бұл екеуі, Черчилль және Эйзенхауэр, француздардың ұстаған бағытынан түңілген және ренжіген».

«Нью-Йорк геральд трибюн» газетінің тілшісі Рассел былай деп көрсетеді: кеңестің нәтижесіне берілген американдық баға «мазмұндамада жанама түрде мойындалған: келіссөздерде нақтылы шешімдер аз болды дегенді анықтап отыр. Үлкен үштік алты елдің Еуропа-лық қорғану бірлестігін құру жолында ешқандай келісімге келе алмады».

шығарды. Бұл арттыру, біржылдық және көпжылдық шөптер егісін кеңейту, құнарлы жемшоп өндірісін ұлғайту үшін шешуші шаралар қолданбай отыр.

Шөп жыйнайтын машиналармен жақсы жабдықтауына қарамастан МТС-тер мен ММШС-тер жемшоп дайындауға, әсіресе, шөп маялау ісіне нашар қатынасады. Мәселен, үстіміздегі жылы олар 13.508 мың гектар шөп шауып, шабылған шөптің небары 2,3 процентін ғана маялады.

Жамбыл облысындағы Шу МТС-нің директоры Адаменко жолдас МТС жұмыстарының қанағаттанғысыз болу себептері жөнінде айтты.

— Шу МТС-нің механизаторлар коллективі үстіміздегі жылы өзінің жұмысын біраз жақсартты, — деп мәлімдеді Адаменко жолдас. — Алайда, СОБП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы алға қойған міндеттерді әлі де қанағаттанғысыз орындан келе жатқандығы мойындау керек болады. Бізде техника әлі нашар пайдаланылады, машина-трактор паркінің бос тұрып қалуына жол беріледі.

Колхоздармен жасасқан шартта алынған міндеттемелер толық орындалмайды. Кар-

дық мұнда бізді шаруашылық жапымен толық таныстырды. Бұл колхоздардың өз шаруашылықтарын нашар жүргізбейтінін айтып өткен жөн. Мәселен, «Луч Востока» колхозында овоштар мен жемістерді өңдеу ісі жақсы ұйымдастырылған. Біз мұны үйренеміз. Мичурин атындағы колхозда бізді мал шаруашылығы жайымен таныстырды. Бұл колхоз өсіріп отырған Алатау тұқымды маддың перспективасы бар екендігін айта кету керек. Колхоз председатели Манько жолдас колхоз әрбір сыйырдан 2—2,5 мың литрден сүт алғандығын айтты. Мәнінше, сүт саууды едәуір арттырып, оны кемінде 4—5 мың литрге жеткізуге болады. Егер колхоз қолда бар мүмкіншілікті сарқа пайдаланса, оның мұндай көрсеткішке не болатындығы сөзсіз.

Сол сыяқты, Сумск облысының Шосткин ауданындағы «Большевик» колхозының председатели Пыбенко жолдас, Курган облысының «Заветы Ленина» колхозының белгілі жанашыл-тәжірибелісі Мальцев жолдас жұмыс тәжірибелерін ортаға салды. Москва облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының ауылшар-

атап көрсетті. Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Гурьев және басқа облыстарда мал қыстату нашар өткізіледі. Бұл жағдайда жемшопті ұқыпты жұмсауға қатан бақылау жасаудың ерекше маңызы бар.

Республикалық кеңесте түмеқан республикалардың бірқатар колхоздары мен МТС-терінің социалистік жарысының басталу негізі салынды. Талдықорған облысының Сталин атындағы колхозының председатели Алаберенов жолдас колхозшылардың тапсыруы бойынша Москва облысының Луховицкий ауданындағы Сталин атындағы колхозды социалистік жарысқа шақырды. Сол сыяқты, Оңтүстік Қазақстан облысының Пахта-Арал ауданындағы «Коммунизм» колхозы мен Сумск облысының «Большевик» колхозы, Павлодар облысының Туркестан МТС-і мен Алтай өлкесінің Степной МТС-і, Жамбыл облысының Шу МТС-і мен Москва облысының Мытищинск МТС-і жарысқа түсті.

Кенес СОБП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қарарларын орындау жөнінде практикалық шаралар белгіледі. «Правда», 8 декабрь.

## Тонаушылар сазайын тартты

Ағайынды Тафиқ және Рафиқ Шайхутдиновтар және Тауфиқ Гайдуллин үшеуі де тұтқыннан босатылғаннан кейін, қоғамға пайдалы еңбекпен шұғылданудың орнына, өзара келісіп ұрлықпен жауыздықтың соңына түскен. Олар осы жылғы 26 сентябрьде И. дейтін азаматты кездестіреді, қолдарындағы қанжармен қорқытып, оның үстінен палтысын шешіп алды. Сол күні түнде кісі тонаушылар осы әдіспен Базарбаев көшесінде М. дейтін азаматтың костюмы мен сағатын тонап алған.

Қарақшылар қылмыс үстінде қолға түсіріліп, тұтқынға алынды және олардың ісі сотқа берілді.

Петропавлдағы 1-участоктік халық соты 19 ноябрьде кісі тонаушылардың ісін қарады. 1947 жылғы 4 июльдегі «Азаматтардың жеке мүлкін күзетуді күшейту туралы» Указ бойынша Тафиқ Шайхутдинов 20 жылға, Тауфиқ Гайдуллин 18 жылға еңбекпен түзеу лагерінде ұстауға, әрқайсысын 5 жылға

правосынан айыруға, Рафиқ Шайхутдинов 16 жылға еңбекпен түзеу лагерінде ұстауға үкім етілді.

Қарақшылар тонап алған киімдер иелеріне қайтарылып берілді.

Жуырда 4-участоктік халық соты кісі тонаушы Құрманғалий Баймұқанов пен Кәдір Серікбаевтың қылмысты ісін қарады. Тұтқыннан босатылған бұл екі сұм бір-бірімен келісіп, кісі тонауға кіріскен. Олар осы жылғы 26 июльде Л. дейтін азаматтың басынан ұрып, есінен тандырған. Сөйтіп, оның үстінен костюмын тонап алып, қашып кеткен.

Бірақ, қылмыстылар қолға түсіріліп, тұтқынға алынды. 4-участоктік халық соты Баймұқанов пен Серікбаевтың әрқайсысын 15 жылға еңбекпен түзеу лагеріне жіберуге, мал-мүлкін конфискулеуге үкім етті.

К. ПАК,  
Қалалық прокурор.

—000—

**Жарияланбаған хаттың**

**дегеі**

**«Дүкеннің ашық тұратын уақыты бола ма?»**

Редакцияға түскен осы тақырыпты тілші хатында Октябрь ауданындағы «Интернационал» колхозының № 2 бригадасында сауда орнының жұмысы тұтынушылардың тілегіне сай жүргізілмей отырғандығы, дүкеннің көп уақытта жабық тұратындығы айтылған болатын.

Аудандық тұтынушылар одағы президиумының председатели А. Юндин жолдас бізге, тілші хатында көрсетілген рактілер толық анықталғандығын хабарлады. Сауда-саттық жұмысын дұрыс жүргізбегені үшін дүкен сатушысы Балгожинаға сөгіс жарияланған.

**КАЙТҚЫСЫ КЕЛМЕЙДІ**

ПЕКИН, 8 декабрь. (СОТА). Синьхуа агенттігі тілшісінің Қосоннан берген хабарына қарағанда, кеше америка жағы оңтүстік корейлік 30 тұтқындармен түсінік-өңгіме өткізген. Тұтқындардың бірде-бірінің еліне қайтқысы келмейді.

Осы уақытқа дейін түсінік-өңгімелерге Сонжокни лагеріндегі 328 оңтүстік корейлік соғыс тұтқындарының 160-ы қатысқан. Бұл 160 тұтқындардың бірде-бірінің Оңтүстік Кореяға қайтқысы келмейді.

**ФИНЛЯНДИЯ СЕЙМІНІҢ ТАРАТЫЛУЫ**

ХЕЛЬСИНКИ, 8 декабрь. (СОТА). Мемлекеттік советтің бүгінгі төтенше мәжілісінде республика президенті Пааси киви сеймді тарату және 1954 жылғы 7—8 мартта сеймнің мерзімінен бұрын сайлауын өткізу туралы шешімге келген.

**ЛИВАНДА МҰҒАЛІМДЕР ЕРЕУІЛІ**

ПАРИЖ, 9 декабрь. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің Бейруттегі тілшісі кеше мемлекеттік мектептердің мұғалімдері ереуіл жариялағандығын хабарлайды. Ереуілшілер өздерінің материалдық жағдайын жақсартуды талап етуде.

—000—

**ХРОНИКА**

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша Т. Төжібаев жолдас Қазақ ССР Сыртқы Істер Министрі міндетінен босатылды.

**ГАЗЕТ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЕСІНЕ!**  
Газетіміздің келесі номері жексенбі күні, 13 декабрьде шығады.

Редактор **Е. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

## Өнімнің сапасы шұғыл жақсартылсын

Үстіміздегі жылы қала кәсіпорындарында өнімде ақау жібермеу, оның сапасын жақсарту жөнінде бірқатар табыстарға қол жетті. Өнеркәсіп орындарында 300-ден астам бригадаларға мінезі сапалы өнім шығаратын бригада атағы берілді.

Өнім сапасын жақсарту жөнінде вагон жөндеу депосының коллективі айтарлықтай табыстарға жетін отыр. Мұнда бірқатар цехтар мен бригадалар вагондарды тек қана жоғары сапада жөндейді. Өнімнің сапасын жақсарту жолындағы күрес былғары заводында тыңғылықты ұйымдастырылған. Заводта жұмысшылардың көпшілігі әрбір өндірістік операцияны мінезіз атқарады. Мұнда Шмагов жолдас басқарған бригада өнімнің барлығын бірінші сортпен өндіреді. Өнімнің сапасының жақсартылуы нәтижесінде заводта былғарының сорттылығы 1,7 процент арттырылды.

Облыстық кәсіпшілік Советіне қарасты артельдерде де өнім сапасын жақсартуда бірқатар жұмыстар істелді. Алдағы уақытта кәсіпшілік артельдерінде жоғары сапалы бұйымдар өндіруге бағытталған нақтылы шаралар жүзеге асырылады. Мәселен, көпшілік тұтынатын товарлар өндіретін кәсіпшілік артельдерінде лабораториялар мен техникалық бақылау кабинеттері ұйымдастырылып, олар қажетті құрал-жабдықтармен, техникалық әдебиеттермен қамтамасыз етіледі. Аяқкиім өндіретін кәсіпшілік артельдерінде бұйымдар жаңа фэсондағы қалыптармен тігіледі, көпшілік аяқкиім тігу жүйесінде еңбекті көп қысқарту жұмыстар механикаландырылады.

Алайда, өнімнің сапасын жақсартудың

жайы барлық жерде бірдей бұлақ емес. Бірсыпыра кәсіпорындарында өнімнің сапасы төмен, ақау жіберуден келегін зыян әлі көп. Әсіресе, жеңіл және тамақ өнеркәсіп орындары өнімді сапасыз шығарып жүр. Сол сыяқты, бұл кәсіпорындарында бұйымның сыртқы әдемілігі де мөз емес. Өнімнен ақаудың көп жіберілуі салдарынан осы жылдың 10 айы ішінде аталған кәсіпорындарында көп қаржы ысырап болды.

Қаладағы шағын двигательдер заводында өнімде ақау көп жіберіледі. Ақау жіберілуінің өнімнің сапасыз шығарылуының негізгі себебі—мұнда, әсіресе, күю цехында технологиялық ережелер бұрмаланады. Механикалық цехта жұмыс нашар құрал-жабдықтармен жүргізіледі. Заводта өнімнің сапасына әрбір операция бойынша бақылау жасалып отырмайды. Соның салдарынан ақау ең соңғы операцияларда ғана байқалады. Заводта мінезіз сапалы өнім шығаратын бригадалар бар. Бірақ, олар бригадалардың социалистік жарысына өшкім басшылық жасамайты.

Киров атындағы заводта ай сайын өнімнің 20 проценті сапасыз болғандықтан қайта өңдеуден өтеді. Мұнда өнімде ақау жіберуге қарсы күрес дұрыс ұйымдастырылмаған. Өндірістің ұйымдастырылуы, техникалық мүмкіншіліктерін пайдалануы нашар. Завод партия, комсомол және кәсіподақ ұйымдары өнім сапасын жақсартып, ақау жібермеуге қарсы күресті тыңғылықты ұйымдастырмай келеді. Рас, мұнда өнімнің сапасын жақсарту жөнінде өндірістік жыйналыста арнаулы мәселе қаралды. Бірақ, не пайда, дабылданған қарарлар жүзеге асырылмай, аяқсыз қа-

лып қояды. Міне, осының салдарынан заводта өнімнен жіберілетін ақаудың мөлшері көбейе түсіп отыр. Өнімнің сапасына жеткілікті басшылықтың болмауы себепті заводта мінезіз сапалы өнім шығаратын бригадалардың саны өткен жылғымен салыстырғанда бұйылы екі есеге дейін азайды.

Халық тұтынатын товарлар өндіретін кәсіпорындарында да өнімнің сапасы нашар. Мысалға қаладағы Париж коммунасы атындағы аяқкиім фабрикасын алайық. Фабрика көп уақыт бойына өндірістік тапшырма орындамауымен қатар аяқкиімдерді сапасыз шығарып келді. Жоспар бойынша фабрика пималардың 78 процентін бірінші сортпен шығаруға тиіс еді. Бұдан небары 54,3 проценті ғана бірінші сортпен шығарылды. Үстіміздегі жылғы мұнда аяқкиімдердің көпшілігі төменгі сорттармен өндірілді. Фабрикада бұйылы жақсы өзінінде 5 мың пар аяқкиім сапасыз өндіріліп, қайта өңдеуге берілді. Ақыры фабрика 83 мың сом зыян шекті.

Фабрикада технология өрескел бұрмаланып жүр. Алайда, фабрика директоры Гаев және бас инженердің міндетін атқарушы Барбаков жолдас бұған қарсы жеткілікті күрес жүргізбей отыр. Олар еңбек өнімділігін арттырып, өнімнің сапасын жақсарту мәселелерін дұрыс шеше алмай келеді.

Көпшілік үшін киім тігетін кәсіпорындарында бұйымның сапасы төмен, оның сыртқы көрінісі нашар. Әсіресе, «Комсомолка» тігін фабрикасында және Сталин атындағы артельде киімдер сапасыз тігіледі. Осы сыяқты «Деревобделочник» «Пишевик», Қазақстанның 10 жылдығы атындағы кәсіпшілік артельдерінде өнімнің сапасына жеткілікті бақылау жүргізілмейді. Мәселен, «Пишевик» артельде өнім сапасына ешбір бақылау жасалмайды. Техникалық бақылау бөлімінің бастығы

өнім сапасын жақсартумен айналысудың орнына, басқа жұмыс істейді. Соның салдарынан артельде өнімнің сапасы мүлде төмендеп кетті.

Құрылыс материалдарын өндіретін кәсіпорындарында істің жайы кәзіргі талапқа тиісті деі емес. Қаладағы № 1 кірпіш зауыты шығарып жүрген құрылыс материалдары тұтынушыларды қанағаттандырмайды. Завод кірпішті сапасыз өндіріп келеді. Ол кірпіштен көп ақау жіберіп, үлкен зыян көруде. Заводта құрал-жабдықтар негізінен жаңа. Завод директоры Хохлов және бас инженері Радченко жолдас бұл жаңа техниканы жете меңгеріп, оның қуатын толық пайдалануды ұйымдастыра алмай отыр. Мұнда жаңа құрал-жабдықтардың бірқатары өндіріске тіпті пайдаланылмайды. Ал, бұл жағдай кірпіш өндіруде технологияның бузылуына, сөйтіп, өнімнің сапасыз шығарылуына әкеліп соғуда.

Кірпіш зауыты он айлық жоспардың тіпті төрттен бірін де орындаған жоқ. Оның үстіне мұнда өнімнің өзіндік құны 2,3 есе қымбаттап кетті.

Өнімнің сапасын жақсартудағы бұл сыяқты олқылыққа мұнан былайғы жерде тезуге тіпті болмайды. Сондықтан өнеркәсіп орындарының басшылары және партия ұйымдары барлық күш-мүмкіншіліктерді толық пайдаланып, шығарылатын өнімнің сапасын жақсартуға, оның өзіндік құнын үздіксіз кемітуге жеткізуге міндетті. Бұл үшін олар технологиялық ережелердің мінезіз сақталуын, өнімнің сапасына әрбір операция бойынша қатан бақылау жасалуын, сөйтіп, өнімде ешбір ақаудың жіберілмеуін қамтамасыз етулері керек.

**М. ГРЕЧКОСЕЕВ,**

ҚКП қалалық комитеті өнеркәсіп-транспорт бөлімінің меңгерушісі.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ:**

Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02852.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18

баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.